

МКҚМ №11 «Аружан» бөбекжай бақшасы

БАЯНДАМА
«Күн тәртібінің бала өміріндегі орны»

Тәрбиеші: Сугирбаева А.К

Шымкент 2018ж

XXI-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында берілді. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімімен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді.

Балабақшада оқу-тәрбиелеу жоспарының іске асуы күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

Ертеңгілік балабақшаға 7.40-та келіп, ойыншықтарды жуып, шаңдарын сүртіп тазалаймыз. Балабақшаға келген балалардың алдынан шығып, ата-аналарымен амандасып, балалардың көңіл - күйіне назар аударып, дене қызуларын өлшеп қабылдаймыз. Былтырғы жылмен салыстырғанда балалар балабақшаға үйренген, көтеріңкі көңіл-күмен келеді. Өздіктерінен киімдерін шешеді. Ал былтырғы жылдары балалардың кейбіреулері жылап, шешіне алмайтын еді. Келген балалар топқа кіріп сөрелерден ойыншықтар алып ойнай бастайды. Күнделікті ертеңгісін жеке баламен жұмыс жүргізіледі. Тіл дамыту үшін де көп сөйлемейтін, өлең жолдарын дұрыс айта алмайтын балалармен жеке жұмыс жүргіземін. Балалардың сөздік қорларын молайту үшін мақал-мәтелдер жаттатамын. Мысалға алатын болсақ. Отан туралы. Ана туралы. Достық туралы мақалдар.

1 Отан оттан да ыстық

3 Отан үшін отқа түс күймейсін.

4 Аққуды атпа, Досыңды сатпа

5 Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады

6 Аңанды меккеге үш рет арқалап апарсаң да қарызынан құтыла алмайсың.

7 Ата-аңаң бар болсың, Бала кезде жар болсын т.с.с

Негізі ата-аналар жиналыстарында да күн тәртібі оның маңыздылығы туралы айтып балаларды балабақшаға кешіктірмей алып келулерін ескерттік. Ал бала кешігіп келсе, балалардың барлығы сол балаға карап қалады .

Қоршаған орта мен таныстыру мен экология негіздерінде балаларға табиғатты қорғауға , оған қамқор болуға, өлі табиғатпен тірі табиғат туралы, үй жануарлары мен жабайы аңдар туралы білімдерін толықтырып, оларға қамқорлық сезімдерін арттырып отырамын. Балабақша ауласындағы гүлдер

мен ағаштардың адаммен табиғатқа пайдасы туралы яғни ағаш жазда көлеңке болып, лас ауаны жұтып таза ауапы шығарып тұратыш, гүлдердің табиғатқа әсемдік беретіндігі және пайдасы туралы айтып түсіндіремін.

Қимылды ойыннан кейін еркін ойынына көшеді,өз беттерінше топтасып ойнайды.Балаларға серуендеген ұнайды,серуен кезінде балалармен жеке жұмыстар жүргізіледі .ҰОІӨ-де жаттай алмаған тақпақтарын,мақалдарын қасыма шақырып алып қайталатамын. 11-40 та серуеннен ораламыз, балабақшаға кірмес бұрын,аяқтарымызды қағып,үстімізді тазалап топқа ораламыз. Киімдерін шешіп өз орындарына жинатамын. Барлық бала киімдерін шешіп, өз орындарына жинай алады. Содан соң беті-қолдарын жуып,түскі асқа отырады. Балаларды түскі астың құрамымен таныстырып,асты тауысып ішулерін қадағалаймын. Орындықта дұрыс отырып,қасықты оң қолдарына,нанды сол қолдарына ұстап,нанмен қасыққа көмектесуге,тәрелкені өзінен қисайтып ұстауға,шынтақтарын үстел үстіне қоймауларын,тамақты сораптамай ішулерін қадағалаймыз. Бірінші, екінші тамақтарын тауысып ішкеннен кейін сусындарын береміз, қолдарын сүртіп болған балалар тұрып дәретханаға барып, қолдарын жуып, сүлгілеріне сүртіп, киімдерін орындықтарына жинап жатын бөлмеге кіріп өз орындарына жатып, жастықтарын түсіріп, төсектерін ашып, төсекке оң қырларымен жатады. Балабақшаға баратын балаларда ұйқы ритмі бір қалыпқа түскен деп айта аламын. Балалар түскі асты ішіп болысымен ұйқыға жатқызылады. Бала ұйқымен өседі. Түстен кейін ұйқыдан оянып, дәретханаға барып, беті-қолдарын жуып,киімдерін киеді.

Бесін асқа отырамыз. Асқа қандай тағам берілгенін таныстырып өтемін. Бесін астарын ішіп болғаннан кейін, күн тәртібі бойынша, күннің екінші жартысына белгіленген би өнері, психологиялық жаттығулар пән жетекшісі

жоспарынан өткізеді. Қимылды ойын, дидактикалық ойын, сюжеттік-рольдік ойындар ойнатылады.

Дидактикалық ойындар арқылы жүргізілетін жаттығулар мен қайталаулар баланы жалықтырмайды, өйткені олар бір сарынды болмайды. Мынандай дидактикалық ойындар ойнатылады. «Көп және біреу», «қай қолда көп», «оң және сол», «позд құрастыр» «тез ойла», «ертегіні құрастыр» т.б.

Қимылды ойындар арқылы балалардың жауапкершіліктері артып, ойында топ-топ болып ойнау, ойын ережесін сақтау, жолдастарынынарасында жауапкершіліктерін сезіне бастау, өзін ұстай білу сияқты, қимылды ойындардың негізгі белгілерін олар жақсы түсінеді.Мынандай қимылды ойындар ойнатылады. «Қояндар мен қасқыр», «күстар мен мысық», «Ақ қоян», «Тышқан мен мысық», «өз түсінді тап», «тауық қорадағы түлкі», т.б ойындарды қызыға ойнайды.

Сюжеттік-рольдік ойындарда балалар нақты адамдардың рөлін және қарым-қатынастарын көрсетеді. Сюжет ойынында көрсететін нақты өмірдің саласы. Алғашында бала отбасымен шектелген болғандықтан , оның ойындары ең алдымен отбасы,тұрмыстық мәселелермен байланысты. Мысалы, «Шаштараз», «Дүкенші», «Дәріхана», «Асхана» т.б ойындарды рольдерге бөліп ойнайды.

Ойыннан кейін кешкі серуенге дайындаламыз. Балалар ішке киетін киімдерін шешіп сөрелеріне іліп, үйге қайтатын киімдерін киеді. Киімдерін киіп далаға шығып, ойын алаңына барып, ойын ойнайды. Кейбір балалармен жеке жұмыстар жүргіземін. Іште болған кезде, мозайкалармен құрастыртып, сурет сала алмай қалған балаларға сурет салдырамын, ал сыртта жүргенде ауызша түрде, ән сабағынан берген өлеңдерін қайталатамын, орыс тілінен тақпақтарын қайталатамын, біртіндеп шақырып алып. Ата-аналар келіп балаларды ала бастайды, ата-аналармен әңгімелесеміз балалар туралы. Сұрақтары болса жауап береміз. Балаларды сүйтіп 18-00де үйлеріне қайтарып, үйімізге қайтамыз.

МКҚМ №11 «Аружан» бөбекжай бақшасы

БАЯНДАМА

**«Жаңа оқу жылының іс—шаралары мен оқу стандартынын бағдарламаларымен
таныстыру»**

Тәрбиеші: Жузбаева Г.П

Шымкент 2018 ж

БАЯНДАМА

«Жаңа оқу жылының іс—шаралары мен оқу стандартынын бағдарламаларымен таныстыру»

Балабақшмызда балаларды тәрбиелеу мен оқыту мазмұны қойылған нормалар мен талаптарға сай оқыту мен тәрбиелеудің жылдық жоспары жасалынып, алға мына міндеттер алынды:

- 1. Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық дәстүр негізінде салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру.**
- 2. Баланың жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу, коммуникативтілік, креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық дағдыларын меңгерте отырып, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру.**

Қазіргі заман талабына сай білім беріп, қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасау. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы ұлттық даму стратегиясымен үздіксі байланысты екенін және мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере отырып. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңарты веторы ретінде стандарттар әзірлеу қажеттілігі туындайды.

Барлық жастық сатысындағы оқу жүктемесі Мемлекеттік жалпыға мәндетті мектепке дейінгі білім беру стандартының әзірлеуде техникалық талаптырда белгіленген санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Бағдарламаның мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптасытыру.

Бағдарламаның міндеті: Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамассыз ететін заттық-кеңістікті дамытушы

орта құру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың дене зияткерлік, коммуникативтілік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кірітіру, әр жас тобында бағдарлама материалдарының мазмұның игеруде балалардың дамуы мониторингін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйыммен отбасының бірлескен ынтымақтастығы, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде ата-аналар қауымдастығының қажеттілігін қанағаттандыру.

Бағдарлама баланың коммуникативтілік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Әр саладағы күтілетін нәтижелер сабақтарды оқу мақсатының жүйесі арқылы беріледі.

Базалық оқу жоспарында әрбір жас кезеңдерінде арналған оқу жүктемесінде 4-білім беру саласының мазмұны кіреді:

- «Денсаулық»
- «Қатынас»
- «Таным»
- «Шығармашылық»

Білім бөлімі: Дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі, сурет, мүсіндеу, аппликация, қоршаған ортамен таныстыру негіздері кіреді.

- Оқу қызметінің көлемі: 9 - сағат
- Оқу қызметінің ұзақтығы: 7-15 сағат

Апталық оқу жүктемесі:

Денсаулық - 3,0
Сөйлеуді дамыту - 0,5
Көркем әдебиет - 0,5
Сенсорика - 0,5
Құрастыру - 0,5
Жаратылыс тану - 1,0
Сурет - 1,0 Мүсіндеу -
0,25 Аппликация -
0,25 Музыка - 1,5

Күн тәртібі: Дүйсенбіден жұмаға дейінгі таңғы сағат

Ертеңгілік жаттығулар

8:00-8:30 Таңғы ас 8:30-8:55

Ойындар, ұйымдастыру қызметіне дайындық 8:55-9:15

Ұйымдастырылған оқу қызметі 9:15-9:40 Серуенге

дайындық 9:40-9:50 Серуен 9:50-11:30 Серуеннен

оралу 11:30-11:50 Түскі ас 11:50-12:30 Түскі ұйқы

12:30-15:00

Біртіндеп тұрғызу, ауа-су процедуралар 15:00-15:30

Бесін ас 15:30-16:00

Ойын, жеке-дара жұмыстары 16:00-16:20

Серуенге дайындық 16:20-16:40 Серуен,

қимыл ойындар 16:40-17:40

* Еркін ойын 17:40-18:30

Балабақшада тәрбиелену барысында сан-саналы танымдарды игереді, күрделі құбылыстарды ұсына алады, өйткені нерв және жұлын жүйкелерінің жұмыс істеу қабілеті күшейеді. 2-3 жастағы балалар үнемі қозғалыста болуына байланысты дене мен салмағы 13-15 ал, бойы 92-100 болады.

Жыл бойы 1-3 кг қосып, 5-6 см өседі. Осы жаста бала салыстырмалы ойлай алады. Санамақтарды жатқа айтып, аз және көп сандарды, қалың мен жұқа заттарды ажырата алады. Айналадағы заттардың орналасуын, уақыт мезгілі мен жыл мезгілдері туралы түсінік қалыптасады. Табиғаттағы барлық түстерді ажырата алуы, сурет салып, түрлі ертеңгіліктер мен іс-шараларда әң айтып, би билеп, өлең шумақтарға дене күштарлықтары артады. Ұйқыдан балалар ояңғанда, көңіл-күйлері көтеріңкі болады. Осы сабырлы тәрбиелі қалыптары ойын үстінде-де, іс-шаралар барысында да серуенге де сақталады.

Бабаларымыз айытқандай «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» демеп пе еді.

Осыған орай Бірігіп тәрбиеге бет бұруымыз керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүделлі екендігін ата-аналар іс-жүзінде дәлелдеп отыруы тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері анық.